

Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№2 Оңалту орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

## ХАТТАМА №2

Шымкент қаласы

13.05.2024 ж.

### **Күн тәртібінде:**

1.Сыбайлас жемқорлыққа – жол жоқ.

Қатысқандар: 14

**Күн тәртібіндегі мәселе бойынша:** №2 Оңалту орталығы комплаенс офицерінің міндетін атқарушы Абилдаева С.М. **баяндама жасады:**

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық. Сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтірері сөзсіз. Сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтірері сөзсіз.

Қазақстанда «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңы бар. Егер Қазақстан азаматы немесе азаматшасы пара беру барысында ұсталса, жоғарыда аталған заң бойынша ауыр жазаға тартылады. Алайда, бұған қарамастан қаншама адамдар жемқорлықтың өсуіне өз үлестерін қосуда. Әсіресе, мемлекеттік қызметкерлер, жоғары лауазымды адамдар. Қаншама қарапайым халық сыбайлас жемқорлыққа қатысты жанайқайларын баспасөздерде жеткізген болатын. Бірақ өте өкініштісі сол адамдарға ақшаны өздері ұсынатындығында... Себебі, қазіргі таңда адамдардың түп санасында бұл заманды ақша билейді деген қағида қалыптасып кеткен. Бұл түсінікті алдын алу үшін ең алдымен әр жеке тұлға санасын, бұл мәселеге деген көзқарасын өзгертуі қажет.

Сыбайлас жемқорлық дендеп кеткен елдің өркендеуі, экономикалық тұрғыдан жетілуі, білімі мен мәдениеті төменгі деңгейде қалып, озық елдермен

бәсекеге түсе алмасы анық. Жең ұшынан жалғасатын жемқорлықтың салдары елді құрдымға жіберіп, дамуды тежейді. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен тек қана тиісті органдар емес, бүгіл қоғам боп күрескенде ғана нәтиже шығаруға болады. Елін, Отанын, мемлекетін шексіз сүйетін әрбір азамат «біріміз бәріміз үшін»қағидасын берік ұстанып, жұмыла кіріссе-алынбайтын қамал, бағынбайтын белес болмайды. «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деп Бауыржан Момышұлы атамыз айтқандай, кеше ғана еңсесін тіккен жас мемлекетіміздің ел болуға бет бұрған шағында жемқорлықтың таиырына бірге балта шапсақ, болашағымыз-жарқын, келешегіміз-кемел болар еді. Біздің еліміз ТМД елдерінің ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы арнайы заң қабылдаған бірінші және бірден-бір мемлекет.

Қорытындылай келе, еліміздің абыройы мен беделі үшін сыбайлас жемқорлықпен әрбір адамның күресе білуі-қоғам алдындағы азаматтық парызы деп білемін.

Комплаенс офицер м.а:



Абилдаева С.М.